

«ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫ

ЗАҢНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1. Жалпы ережелер

- 1-бап Негізгі ұғымдар
- 2-бап Заңнама
- 3-бап Заңның қолданылу аясы
- 4-бап Мақсаты мен міндеттері
- 5-бап Қағидаттары
- 6-бап Қатысу шарттары

2. Қоғамдық бақылау субъектілері мен объектілері

- 7-бап Субъектілердің құқықтары мен міндеттері
- 8-бап Объектілердің құқықтары мен міндеттері

3. Қоғамдық бақылау нысандары мен нәтижелері

- 9-бап ҚБ нысандары
- 10-бап Қоғамдық талқылау
- 11-бап Қоғамдық сараптама
- 12-бап Қоғамдық мониторинг
- 13-бап Қорытынды құжат

4. Қорытынды ережелер

- 14-бап Материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз ету
- 15-бап Заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық
- 16-бап Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ



МАҚСАТЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТТАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТ ІСТЕРІН
БАСҚАРУҒА ҚАТЫСУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ



МІНДЕТТЕРІ

- 1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫН ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ
ПРОЦЕСІНЕ ТАРТУ
- 2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҚТАРЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ОРЫНДАЛАТЫН
ЖОБАЛАРДЫҢ САПАЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
- 3 ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ОБЪЕКТИЛЕРІ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАҒАН КЕЗДЕ ҚОҒАМДЫҚ
ПІКІРДІ ЕСКЕРУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
- 4 ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ОБЪЕКТИЛЕРІ ҚЫЗМЕТІНІҢ БҮКПЕСІЗДІГІ МЕН АШЫҚТЫҒЫН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
- 5 ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ СУБЪЕКТИЛЕРІ МЕН ОБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
- 6 ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ОБЪЕКТИЛЕРІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ
- 7 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ
ОБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕГЕН СЕНІМ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ
- 8 ҚОҒАМДА ҚҰҚЫҚҚА ҚАРСЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚҚА ТӨЗБЕУШІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ
БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ҚАҒИДАТТАРЫ

1 ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ СУБЪЕКТИЛЕРІ ҚЫЗМЕТІНІҢ **ЗАҢДЫЛЫҒЫ**

2 ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ **ЖАРИЯЛЫЛЫҒЫ, АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ БҮКПЕСІЗДІГІ**


3 ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ **ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ҚАТЫСУЫНЫҢ ЕРІКТІЛІГІ**

4 **ЗАҢСЫЗ АРАЛАСУДАН ЖӘНЕ МҮДДЕЛЕРДІҢ ӨЗГЕ ДЕ ЖАНЖАЛЫНАН ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ**




ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ

Қоғамдық бақылау – қоғамдық бақылау субъектілерінің осы Заңда және ҚР өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен және нысандарда жүзеге асырылатын, қоғамдық бақылау объектілерінің АКТІЛЕРІ МЕН ШЕШІМДЕРІНІҢ ҚОҒАМДЫҚ МҮДДЕЛЕРГЕ СӘЙКЕСТІГІН ТАЛДАУҒА ЖӘНЕ БАҒАЛАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚЫЗМЕТІ



Қоғамдық бақылау **ӘРТҮРЛІ НЫСАНДАРДА** қоғамдық талқылау, қоғамдық мониторинг, қоғамдық сараптама түрінде, сондай-ақ заңда белгіленген басқа нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін

Қоғамдық бақылау **БІР МЕЗГІЛДЕ БІРНЕШЕ НЫСАНДАРДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ МҮМКІН** екенін білу маңызды



Қоғамдық бақылау
ТЕКСЕРУ немесе **ТЕКСЕРУ ШАРАСЫ**
болып табылмайды

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ



ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ СУБЪЕКТИЛЕРІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫ

- Белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар;
- сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдарға;
- он сегіз жасқа толмаған адамдар;
- психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда психикасының, мінез-құлқының бұзылуына (ауруына), оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты есепте тұрған адамдар;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, экстремистік және террористік қылмыстар жасағаны үшін бұрын қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдар қоғамдық бақылау субъектілері бола алмайды.



КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАР

*діни бірлестіктерді қоспағанда, Қазақстанда тіркелген коммерциялық емес ұйымдар. Шетелдік қатысуы бар коммерциялық емес ұйымдар, сондай-ақ қызметі тоқтатылған не ҚР заңдарына сәйкес тыйым салынған коммерциялық емес ұйымдар қоғамдық бақылауға қатыса алмайтынын ескеру маңызды.



ӨЗГЕ ДЕ СУБЪЕКТИЛЕР

*қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға құқық немесе өкілеттік берілгендер. Оларға Қоғамдық кеңестердің мүшелері, Ұлттық алдын алу тетігі, Арнайы мониторингтік топтардың мүшелері және басқалар жатады.

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ



ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ОБЪЕКТІЛЕРІ

1

АТҚАРУШЫ МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

министрліктер, барлық деңгейдегі жергілікті атқарушы және өкілді органдар (әкімдіктер мен мәслихаттар) кіреді.

2

МЕКЕМЕЛЕРІ, МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР БОЛЫП ТАБЫЛМАЙТЫН МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕР

білім беру және денсаулық сақтау мекемелері, мектепке дейінгі ұйымдар, дене шынықтыру сауықтыру мекемелері мен мәдениет мекемелері, яғни өз қызметін бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз ететін мекемелер жатады.

3

КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТІЛЕРІ

(құрылтайшысы, қатысушысы немесе Акционері мемлекет болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ ҚР заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын еншілес, тәуелді және өзге де заңды тұлғалар)

4

ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ

(Назарбаев зияткерлік мектептері, Назарбаев университет)

5

ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫН ОРЫНДАУШЫЛАР

мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік функцияларды орындау жүктелген коммерциялық емес ұйымдар. Мысалы, арнайы әлеуметтік қызметтер, ЖШС (автомобильдерді техникалық байқау орталықтары және т.б.).

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ НЫСАНДАРЫ

ҚОҒАМДЫҚ МОНИТОРИНГ



қоғамдық бақылау объектілерінің шектелмеген тұлғалар тобының **ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОЗҒАЙТЫН** қызметін байқауды білдіреді

ҚОҒАМДЫҚ САРАПТАМА



шектелмеген тұлғалар тобының **ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОЗҒАЙТЫН** актілері мен шешімдерін талдау және қоғамдық бағалау мақсатында қоғамдық бақылау субъектілері жүзеге асырады

ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ



қоғамдық бақылау объектілерінің шектелмеген тұлғалар тобының **ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОЗҒАЙТЫН** актілері мен шешімдерін жария қарауды ұйымдастыру мақсатында өткізіледі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛАРЫНДА БЕЛГІЛЕНГЕН
басқа НЫСАНДАР

ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ

қоғамдық бақылау объектілерінің шектелмеген тұлғалар тобының **ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОЗҒАЙТЫН** актілері мен шешімдерін жария қарауды ұйымдастыру мақсатында өткізіледі



ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ
СУБЪЕКТІЛЕРІ

ҮШ ЖҰМЫС КҮНІ
БҰРЫН



БАҚ-та
орналастырады

- ✓ тақырыбын;
- ✓ Күні және уақыты;
- ✓ Өткізу орны;
- ✓ ҚБ нысаны;
- ✓ қоғамдық талқылаудың нысанасына жататын ақпаратты

қоғамдық талқылау өткізілетін күнге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей



қоғамдық бақылау объектілерінің өкілдерін хабардар етуге және қоғамдық
ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРУҒА

ҚОҒАМДЫҚ САРАПТАМА

шектелмеген тұлғалар тобының **ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОЗҒАЙТЫН** актілері мен шешімдерін талдау және қоғамдық бағалау мақсатында қоғамдық бақылау субъектілері жүзеге асырады



ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ
СУБЪЕКТІЛЕРІ

ТАРТАДЫ



САРАПШЫЛАРДЫ
ЖӘНЕ САРАПШЫ
ҰЙЫМДАРДЫ

САРАПШЫЛАР

- ❖ Тиісті салада жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі;
- ❖ тиісті салада кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар;
- ❖ қоғамдық сараптама нысанасы бойынша ғылыми және (немесе) практикалық білімі бар **азаматтар бола алады**



САРАПШЫЛАРДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАРЫН ҚАМТИТЫН ҚОҒАМДЫҚ САРАПТАМА қорытындысы қорытынды құжат түрінде ресімделеді және қоғамдық бақылау объектілеріне қарау үшін жіберіледі

ҚОҒАМДЫҚ МОНИТОРИНГ

қоғамдық бақылау объектілерінің шектелмеген тұлғалар тобының **ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОЗҒАЙТЫН** қызметін байқауды білдіреді

**ҚОҒАМДЫҚ
МОНИТОРИНГ**



АҚПАРАТТЫ

- ЖИНАУ
- ҚОРЫТУ
- ТАЛДАУ

ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ



**ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ
СУБЪЕКТІЛЕРІ**




**қоғамдық бақылау
объектісімен келісімі бойынша**

Қажет болған жағдайда қоғамдық бақылау объектісінің аумағы мен үй-жайларына баруға болады

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ТОБЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕТІГІ



ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ
СУБЪЕКТІЛЕРІ



Қоғамдық бақылау тобының құрамын бекіту туралы шешім хаттама түрінде еркін нысанда рәсімделеді

Қоғамдық бақылау топтарын қалыптастыру кезінде субъект азаматтардың Заңның 6-бабының 2-тармағында көзделген қоғамдық бақылауға қатысу шарттарына сәйкестігін де ескеру тиіс



Қоғамдық бақылау тобының сандық құрамы

5

адамнан аспауы керек.

ҚОРЫТЫНДЫ ҚҰЖАТ

Қоғамдық бақылау процесі аяқталғаннан кейін қоғамдық бақылау барысында анықталған бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралар туралы ұсыныстарды қамтитын хат, қорытынды, хаттама және т.б. түрінде болуы мүмкін

ҚОРЫТЫНДЫ ҚҰЖАТ әзірленеді



ҚОҒАМДЫҚ
БАҚЫЛАУ
СУБЪЕКТИЛЕРІ

қорытынды құжатты
қоғамдық бақылау
объектісіне қоғамдық
бақылау аяқталған
күннен бастап жеті
жұмыс күнінен
кешіктірмей жібереді

ҚОРЫТЫНДЫ ҚҰЖАТ

қоғамдық бақылау
объектілерінің қарауы үшін
міндетті болып табылады

ОБЪЕКТИЛЕР
ҚОРЫТЫНДЫ
ҚҰЖАТТЫ
10 ЖҰМЫС КҮНІ
ІШІНДЕ
ҚАРАЙДЫ

**ҚОРЫТЫНДЫ ҚҰЖАТҚА КЕЛЕСІ
АҚПАРАТТАР ҚОСА БЕРІЛЕДІ:**

- КҮНІ, УАҚЫТЫ ЖӘНЕ ОРНЫ;
- МІНДЕТТЕРІ;
- СУБЪЕКТИЛЕРІ;
- НЫСАНДАРЫ;
- ФАКТИЛЕРІ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ;
- БАСҚА ҚҰЖАТТАРЫ.

СУБЪЕКТ ҚОРЫТЫНДЫ ҚҰЖАТТЫ **3 ЖҰМЫС КҮНІ** ІШІНДЕ
ҚАРАУ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТІЛЕДІ

Материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз ету



Материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз ету ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ӨЗГЕ ДЕ КӨЗДЕРДІҢ ЕСЕБІНЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗУ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫНА СӘЙКЕС ЖАУАПТЫЛЫҚҚА АЛЫП КЕЛЕДІ

Назарларыңызға рахмет!